

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге е н г і з с і н ;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1

а қ п а н д а ғ ы

№

2 1 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімдері
1	2	3	4	5
1.	«Балалар ауылындағы отбасы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы №	Қазақстан Республикасы	БҒМ	

	1613 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Үкіметінің қаулысы		2012 жылғы ақпан
2.	Жасөспірімдер үйі туралы үлгі қағидаларды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2012 жылғы ақпан
3.	«Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі № 583 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бұйрық	БҒМ	2012 жылғы ақпан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК